



“Білімпаздар” Зияткерлік-интеллектуалды ойын

«Алтын кілт» мектепалды тобы

Тәрбиеші: А.Мамбетова

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Білімпаздар» зияткерлік-интеллектуалды ойын.

Максаты: Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, тапқырлығын, шеберлігін анықтау. Логикалық ойлау қабілетін жетілдіре отырып, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Алған білімдерін қолдана білуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: -Балалар, бүгін біз үшін өте қызықты ерекше күн болмақ. Ендеше интеллектуалдық ойынымызды бастаймыз. Бізге қонақ келген сияқты.

(Экраннан достарынан адасып қалған 5 саны шығады.)

5-саны: - Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сиқырлы сандар елінен келген 5 санымын. Өзімнің достарымнан адасып қалып, сендерден көмек сұрағалы келдім. Ол үшін менің сұрақтарыма дұрыс жауап беріп, тапсырмаларымды жақсы орындасандар, мен достарымды тез тауып алар едім.

Тәрбиеші: - Балалар, ендеше 5 санына достарын тез тауып беруге көмектесеміз бе?

-Балалар, мұқият тыңдаймыз. Ойынымыз 3-турдан тұрады.

1- «Сұраққа дұрыс жауап бер!»

2- «Қызықты тапсырмалар»

3- «Сандар мен пішіндер құрастыр» ойыны

-Ендеше, 1- турымызды бастаймыз. Экраннан ұяшықтар таңдау арқылы видео – сұрақтарға жауап бересіңдер.

- Мына сандардың ішінде қандай сандар жоқ?

-Сенбіден кейін аптаның қай күні?

- 6 санының көрші сандары қандай?

- Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз? Бұл күннің қай мезгілінде болады?

- Бір аптада неше күн бар?

Тәрбиеші: - Балалар сұрақтарға дұрыс жауап беріп болсақ, орнымызға барып жайғасып отырайық.

-Келесі турда қызықты тапсырмалар орындаймыз.

- 10-ға дейінгі сандарды тура және кері санап бер.

- Саңырауқұлақтарды өсу және кему ретімен орналастыр.

-Суреттерді сандармен сәйкестендір.

-Балалар енді қимылды ойын ойнап сергіп алсақ қайтеді? «Көңілді саусақтар» ойынын ойнаймыз.

Шарты: Балалар қолдарына көңілді саусақтарды ұстап, шеңбер бойымен билеп жүреді. Әуен тоқтаған кезде әр бала қолындағы санға сәйкес өз ұяшықтарына барып тұруы тиіс.

-Балалар, ойын ойнап сергіп алсақ, 3-турымыз бастаймыз.

«Сандар мен пішіндер құрастыр» ойыны. 4-топқа 4 түрлі құрастырмалы түрлі-түсті ойын құралдары берілген. Сендер содан өз қалауларың бойынша сандар және пішіндер құрастыруларыңа болады.

-Балалар ойынымызды аяқтасақ, келіп шеңбер бойына тұрайық. Біз бүгін қызықты сұрақтарға жауап бердік, тапсырмалар, ойындар ойнадық. 5-саны сендерге риза болып тұр.

5-саны: -Балалар сендер өте ақылды, білімді, алғыр екенсіңдер! Маған достарымды табуға көмектестіңдер. Көп-көп рахмет! Енді менің сыйлығымды қабыл алыңдар!

-Сендер бүгінгі ойында өте белсенділік танытып, жақсы жауап бердіңдер! Жарайсыңдар!



"Білімпаздар" Зияткерлік-интеллектуалды ойын

